



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

- 3) The lack of control over advertisement makers from the side of the government - 14
- 4) Disrespect for the language - 9
- 5) Inattentiveness - 12
- 6) Hastiness - 4
- 7) I do not know - 6

By touching this important, for today, problem our researching paper is directed to finding the effective ways of solving this problem and proposing our own methods of dealing with this problem. Our proposition:

- 1) To organize a special organization for indicating the cases of disregarding;
- 2) To organize several groups of volunteers for finding the mistakes;
- 3) To use the system of fine for those who did not follow the admonitions;
- 4) To enrich the knowledge of entrepreneurs of the Law on languages of the RK

Bibliography:

1. Avrorin V.A. *Problems of studying the functional aspect of language*. – М.: Наука, 1975.
2. Isaev M.I. *Dictionary of ethno-linguistic concepts and terms*. – М.: Флинта, 2001.
3. Suleimenova E. D. *Language processes and policy: monograph*. – Almaty.: Kazakh university 2011
4. Law of the Republic of Kazakhstan ‘*Law on Language*’ (№ 151-1 of 11 July, 1997, with amendments entered by the Republic of Kazakhstan's Law of 20 December 2004 № 13-III). *Article 4. State language of the Republic of Kazakhstan*. – Almaty.: Юрист, 2005.

УДК 811.512.122’271:[398.91-055.2]

ҚАЗАҚ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛ ОБРАЗЫНЫҢ МАҚАЛДАРДАҒЫ КӨРІНІСІ

Алекенова Айгерим Сакеновна

aigerima_pretty@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 4 курс студенті, Астана қ.
Ғылыми жетекші - А.Тұңғышбаевна

Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдары мен орыс тіліндегі мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің қолданысын жандандыру - көптеген зерттеушілерді аңғартатын құбылыс. Әлбетте, мақал- мәтелдер ғасырдан-ғасырға, ауыздан-ауызға таралып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен - халық даналығының қазына байлығы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шешіп,өзіндік ерекшелігімен танылған тәрбиелік маңызы зор асыл мұрамыз. Мақал-мәтелдерді оқи отырып, әр халықтың өзіндік өмір сүру дағдыларын, салт-дәстүрі мен тарихын біле аламыз.

Қазақтың мақал-мәтелдері - көркем әдебиетте сөздің әрін келтіретін, асқан шеберлік пен тапқырлықтың жемісі көрінетін әдемі форма. Өйткені бұл - бір ғасырдың түйіні емес, мол тәжірибенің жиынтығы мен өмірде көрген-білгендердің қорытындысы, ақыл-ой түйіндісі. **А.Байтұрсынұлы:«Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз - кесегімен айтылатын белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады»**[1,112 б.],— деп көрсеткен болатын. Қазақ мақалдары ХІХ ғасырда-ақ еуропа халықтарына мәлім бола бастаған. Әдемі, сұлу сөйлеуге құштарлық мақал мен мәтелді орынды жерде пайдалануға байланысты. **“Мақалды тудырушы – еңбекші халық. Ол халық данышпандығының алтын қазынасы”,** - дейді атақты қазақ фольклористика ғылымының білгірі профессор **Мәлік Ғабдуллин** [2,332б]. Мақал-мәтелдер негізінен халық аузындан-

ауызға тарағаны бәрімізге мәлім, ал оларды нақты жинап, қағаз бетіне түсіру, баспасөз беттерінде жариялау – XVIII ғасырдың II жартысынан басталады. **Шоқан Уәлиханов** - қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым. Оның *«Таңдамалы шығармалар»* [3,416б.] еңбегіндегі біршама мақал-мәтелдер әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Сол уақыттан бері қазақ мақал-мәтелдері түрлі жинақтар мен хрестоматияларда жазылып, жарияланып келді. Халықтың мақалдары мен мәтелдерін жинауда, зерттеуде, *Ш.Уәлиханов, В. Радлов, А.В. Васильев, П.Мелиоранский, Ә. Дибеев, Ө.Тұрманжанов, С. Аманжолов* секілді ғалымдардың еңбегі зор. Қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыптары алуан түрлі: туғанжер, ел-отан, денсаулық, еңбек, достық, тіл, ерлік, батырлық және т.б. . Соның ішінде әйел бейнесін көрсететін мақалдар да аз емес. Зерттеу барысында 500-ге жуық мақал кездеседі. Олар қоғамдағы әлеуметтік рөліне байланысты 20-дан аса мәнге ие, яғни *«әйел, қыз, ана, әже, ана, сіңлі, қарындас, жар, келін, қалыңдық, жеңге, абысын, құдаша, құдағи, ене, жиен, балдыз, жесір,бәйбіше,тоқал және қатын»*. Бұлардың барлығы қазақ халқының салт-дәстүрі, өмір сүру дағдысымен байланысты екендігін көрсетеді. Ең қызықтысы «әйел» мен «қатынның» айырмашылығы неде? деген сұрақ туындады. Тарихымызға көз жүгіртсек....

Қазіргі таңда **«қатын»** сөзі өз мағынасын жоғалтып, дөрекі сөздің біріне айналған. "Қатын" байырғы қазақ тілінде "құтым" (бағым, ырысым) деген мағынаны берген. Уақыт өте келе "құтым" сөзі **"қатынға"** ауысыпты. "Қатын" сөзі араб тілінде *хатун* "таң нұры", ал парсы тілінде *"қатун"* - *"түнгі ләззаты"* деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар, **"қатын"** сөзі осыдан 1500 жылдай бұрынғы ата-бабамыз Көктүріктердің сына жазуларында да кездесіпті. «Қатын» сөзін қазіргі қазақшаға аударғанда «ханым» дегенді білдіреді. Түркі жазуларында да сондай мағынаға ие болыпты. Тағы да бір айта кететін жай, Кеңес Одағы орнап, коммунистер билікке келгеннен соң «қатын» деген сөзге қарғыс айтылды. «Бай-манаптардың қолданған сөзін қолданбаймыз, жаңа заман құрып, жаңа заман ойлап табамыз», деген советтердің жаңашылдығы қатынның орнын алмастыратын әйел сөзін қолданысқа енуіне ықпал жасады. Осыдан кейін «әйел» сөзі қолданысқа енді. Ал мақалдарда «қатын» сөзі белгілі бір екпінге, интонацияға ие болып, эмоциялық-экспрессиялық бояу береді. Мысалға:

1. *Қатын ашуланса қазан қайнатар;*
2. *Бірқатын сылаумен қатын,*
Бірқатын қынаумен қатын,
Бір қатын сынаумен қатын ;
3. *Балаға жұғыспа, пәлесі жұғады,*
Қатынға жолама, қарасы жұғады.[4,102б.]

Егер қатын сөзін әйелмен ауыстыратын болсақ, мақал өзіндік мағынасын жоғалтатын секілді.

Тағы да бір қызықты жайт, **«ана»** сөзінің құдіреттілігінде тоқтала кетсек: ең алдымен «ана» сөзін естігенде ойымызға өзіміздің ақ сүтін беріп, аялап, жанын аямаған аяулы анамыз есімізге түседі. Үш-ақ әріптен құралған бұл сөзге ешқандай теңеу табылмас. Себебі адам баласы шыр етіп дүниеге келгенде, алдымен анасын көреді, ана сүтінен нәр алады, ана махаббаты мен мейіріміне бөленеді. Әр адам баласының да ең алғашқы сөзі **«АНА»**. Ана баласының үлгілі азамат боп өсуі үшін бар күшін салып, тер төгеді. Ал баланың анаға деген махаббаты жеткіліксіз. Оны барынша құрметтеп, сыйлау әрбір баланың парызы. Тіпті, Мұхамбет пайғамбардың хадистерінде де ең алдымен ананы құрметтеу парыз екені айтылады: *«Әуелі анаңа, тағы да анаңа, содан соң әкеңе жақсылық жаса»* делінген. *«Кімде-кім ата-анасының ризалығын алған болса, соның өмірі ұзартылады», «Жұмақтың кілті - ананың табанында».* Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызын өтей алмайсың» .

Мақалдардан мысал келтіретін болсақ:

1. *Ана бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді;*
2. *Ана –біреу,ағайын –алтау;*
3. *Алып анадан туады,ат биеден туады;*

4. *Ана сүтін ақтамағанды ешкім жақтамайды .*

Міне терең мазмұн осында жатыр. Барлық адам ана сүтін ақтап, парызын өтеуі қажет.

Сонымен қатар, қазақ қоғамында **қыз баланың** алатын орны ерекше болған. Оны мынадай мақалдардан анық аңғарамыз. Ата – бабаларымыз қызды қонақ деп есептеген, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Қыздарын болашақ ана ретінде санаған дана халық оларды сыйлап, қастерлеген. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген. Қазақ қызын “*қыздың жолы жіңішке*” дей отырып, жан - жақты тәрбиелеген, еш уақытта оны кемсітіп, төмендетпеген. Қайта қыз баланың бойына әдептілік, инабаттылықпен бірге дала әдебіне сәйкес өткірлік, қайсарлық, шынайы намыс тәрізді қасиеттерді қоса дамытып отырған [5,31б.]. «*Қыз – өріс, ұл-қоныс*» деп білгендіктен қазекем өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «*Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін*» дей отырып, «*Қызға қырық үйден тыйым*» жасайды. Қыз тәрбиесіндегі **жеңге** рөлі де көзден таса болмайды. «*Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді келеді*».Өйткені әке – шеше айта алмаған сырды жеңге жеткізеді. Қыздың балғын болмыс бітімі мен тәрбиесінің басы қасында аяулы жеңгелер жүреді. Сүйген жігіті мен екі арадағы әдепті қарым – қатынастың табиғи өрбуіне себеп болатын да осы жеңгелер.Ата-ана қызынан ешнәрсені аямайды. Оның ешнәрседен мұқтажсыз, бұла өсуін қадағалайды. Себебі қызға бергенді қызыр өтейді деп біледі. Сонымен бірге қазекен қызды бетімен де жібермейді. «*Қызды қымтап ұстаған ұялмайды*» дей келе, оларды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіруді парыз санайды. Олардың ар ұятының сақшысы бәріне жауапты екенін ешуақыт ұмытпаған. Содан да болар, бір жағынан «қыз бен жылқы жаудыкі» деп қыз тәрбиесіне мейілінше сақ қарайды. «Қыз баққаннан қысырақ баққан оңайлығын» жадынан шығармай баянды отанын тапқанша өзінің, жауапты екенін еш ұмытпаған.

Заманның бағыт бағдарына қарай мақалдар да түрленіп, өзгеріске түсіп отырады. «*Шешесі отырып, сөйлеген қыздан безін*» деп келе, қыздың жақсысын іздейді. «*Ақылды қыз білімге жүгінер, ақылсыз қыз сөзге ілігер*» деп біледі. Осындай негізгі тәрбиелік жұмыстарды жүргізіп алған соң, қазекеннің құдайдан тілейтіні қызының барған жеріне тастай батып, судай сіңуі. Барған жерінде бағының ашылғанына қатты қуанады, бағы тайса қатты күйінеді. Қорқатыны – «*қайта шапқан жсау жаман, қайтып келген қыз жаман*» екені.

Қыз бала үшін жауапты кезең – **келіндік** дәуір. Себебі жаңа түскен келінге сыншы да, мінші де көп. Ол енді төркінінде алған тәрбиенің қаншалықты екенін көрсетуге тиіс. Жеңгесі мен шешесінің көргенін істеп, қайын жұртының көңілінен шығуға тырысады.Қыздың қандай елге, қандай отбасына келін болып түсуіне көп нәрсе байланысты. «*Жақсы елге түскен келін-келін, жаман елге түскен келін-келсап*»- дейді қазақ халқы. Бұл жерде қайын ененің рөлі көріне бастайды. Көбінесе «*Келіннің қайын ене топырағынан жаралғандай*» болып келуін қалайды. Шынында көргенді елден шыққан қыздың көсегелі елге тап болуы зор бақыттың кепілі.

Қазақ халқы келген келінді татулық жаршысындай болса деп армандайды. Әсіресе **абысындар** арасының ынтымақты болуы көзделеді. «*Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса, ас көп*» - деген мақал да осының айғағы.

Бәріні қорытындай келе, қазақ лингвомәдениетінде әйел образына байланысты 500-ден аса мақалдар бар екен, бұдан көретініміз, қазақ қоғамында әйелдің алатын орны ерекше болған. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман әлемінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты ерекше қадірлейтін халықтың бірі де, бірегейі де - біздің қазақ... Қазақ қыздары мен аналары өз жүрегінің от-жалынымен, мейірім шапағатымен қазақ халқының ұлттық сезім-түйсігін, мәдени-рухани біртұтастығын елеусіз ғана шыңдап отырған» [6,43б.] - деген сөздері осыған дәлел. Дана қазақ халқы әйел образын мақал-мәтелдер арқылы да ұрпаққа жеткізе білген. Біздің ойымызша, ата- бабамыздан келе жатқан қоғамдағы, отбасындағы әйел орнын сақтап қалу бізге аманат.

Қолданылған әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш – Алматы: Атамұра, 2003, 208 б.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті – Алматы, 1958, 332 б.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар – Алматы: Жазушы, 1980, 416 б.
4. Кейкін Ж. Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы – Алматы: Аруана, 2012, 102-129 б.
5. Мұхатова О.Х. «Қазақ қоғамындағы әйел-ананың орны мен рөлі» - ISSN 1811-1815. Вестник ПГУ №2, 2010, 31 б.
6. Назарбаев Н. Тарих толқынында – Алматы: Атамұра, 1999, 43б.
7. Вальтер Х. Антипословицы русского народа –Нева, 2005,3-17с.
8. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 5 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. – 410 б.
9. Жүсіпов Н.Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы. – Павлодар, 2003. – 246 б.

УДК 81'25:[821.161.1-1:821.111]

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА ПОЭЗИИ

Байкадамова Асель Нурлановна

aselbaikadamova@mail.ru

Магистрант филологического факультета

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – д.ф.н., проф. А.Е. Бижкенова

На данном этапе развития лингвистических учений, проблематика перевода поэзии по-прежнему сохраняет свою актуальность. Во многом это обусловлено тем фактом, что поэзия, как таковая, очень сложно поддается детальному анализу и осмыслению, что обусловлено противоречивой природой поэтического языка. Задачи, поставленные перед исследователями, филологами и литературоведами в рамках вопросов, связанных с поэзией, как особой разновидностью творческой литературной деятельности, вызывают живой интерес ученых. Проблемами стиховедения занимались А. Белый, В.Я. Брюсов, Б.В. Томашевский, Б.М. Эйхенбаум, Р.О. Якобсон, В.М. Жирмунский, Ю.Н. Тынянов, М.П. Штокмар, Л.И. Тимофеев, С.М. Бонди, Ю.М. Лотман, Г.А. Шенгели, К. Тарановский, А.Н. Веселовский, А.Н. Кондратов, А.А. Прохоров, М.Л. Гаспаров и др. Однако нам представляется необходимой дальнейшая разработка вопросов, связанных с формированием, функционированием, переводом поэтических текстов.

Примечательно, что сегодня растет внимание к новым современным формам поэтических текстов, которые зачастую нарушают каноны композиции стиха. К примеру, иногда автор, следуя внутренним языковым поискам, продуцирует индивидуальные образные средства, необычные сочетания синтагм. Разумеется, глубинные причины этому могут быть как объективные – экстралингвистические факторы (изменение общественно-политической конъюнктуры, условий жизни и быта людей, влияющие на выбор тематики и направления поэтической мысли), так и субъективные - стремление выйти за рамки общепринятых стандартов поэзии, выразить собственное слово в искусстве путем использования совокупности специфических лингвостилистических средств, идиосинкразия авторского видения, поиск новых подходов к стихотворчеству. Кроме того, когнитивные механизмы стихосложения, смыслопорождения, а также моделирования оптимальной переводческой стратегии, применяемой для воспроизведения поэтического текста на другом языке, требуют тщательного изучения, и необходимость исследований данных вопросов представляется нам актуальной, в рамках когнитивной парадигмы науки. Однако мы обращаем пристальное внимание на вопросы собственно перевода поэтических текстов, порождения эквивалентного оригиналу произведения на другом языке.